



**Коммерциялық емес
акционерлік қоғам**

**ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ
АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА
ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

Тіл білімдері кафедрасы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

В057 – Есептеу техникасы және бағдарламамен қамту білім беру бағдарламасы студенттеріне арналған СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар

Алматы 2021

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Қ.О. Ажиев. Кәсіби қазақ тілі. В057 – Есептеу техникасы және бағдарламамен қамту білім беру бағдарламасы студенттеріне арналған СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар. – Алматы: АЭЖБУ, 2021. – 25 б.

Әдістемелік нұсқаулықта «Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша екі семестрлік жұмыстың тапсырмалары, оларды орындау талаптары мен үлгілері, ұсыныстар және қажетті әдебиеттер берілген.

Әдістемелік нұсқаулық В057 – Есептеу техникасы және бағдарламамен қамту білім беру бағдарламасы студенттеріне арналған.

Әдеб. көрсеткіші – 21 атау.

Пікір беруші: т.ғ.к., доцент С.Х. Байдильдина,

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2021 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінің» КЕАҚ, 2021 ж.

Кіріспе

Ұсынылып отырған В057 – «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамту білім беру бағдарламасы» бойынша семестрлік жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқау «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған (көлемі 3 кредит).

Студент өз бетінше орындайтын семестрлік жұмыстың (СӨЖ) негізгі мақсаты – білім алушының мемлекеттік тілде кәсіби қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру, академиялық хат негіздерін игеру және ғылыми қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Әдістемелік нұсқауда екі семестрлік жұмыстың тақырыбы, мақсаты, тапсырма нұсқалары, әдістемелік ұсыныстар және орындау талаптары мен үлгілері көрсетілген. Тапсырма нұсқаларын оқытушы білім алушыларға өзі үлестіреді.

Студенттің семестрлік жұмысын орындауға қойылатын талаптар:

1) Семестрлік жұмыс тапсырмалардың берілуі мен қабылдау кестесіне сәйкес орындалуы тиіс. (Күнтізбелік кестені Пән бағдарламасындағы 6.1 бөлімінен қараңыз.)

2) Мәтіндік құжаттар А4 (210x297 мм) пішіміндегі қағазға орындалады. Мәтіндік құжаттар компьютерлік терілім көмегімен 14 кегльмен, Times New Roman қарпімен орындалады.

3) Мәтін төменде көрсетілгендей терілуі шарт:

- жоларалық қашықтық - 1 (А4 пішіміндегі бір параққа 40-44 жолдан);
- азат жолдың басындағы шегініс – 1,25 см, сол және оң жақтары – 0 см;
- мәтін парақтың сол және оң жақтары бойынша түзеледі;
- мәтін бір бағанға орналастырылады;
- мәтіндік құжатты келесідей нақты жиектік өлшемдерді сақтай отырып басқан жөн: сол жағы – 25 мм, оң жағы – 18 мм, үстіңгі жағы – 20 мм, астыңғы жағы – 25 мм.

4) Міндетті түрде КЕАҚ СТ 56023-1910-04-2014 стандартының С қосымшасына сәйкес титулдық бет жасалады. (Үлгісі Қосымшада).

5) Жұмыстың соңында әдебиеттер, интернет қорларының тізімі және сілтемелер берілуі қажет. Әдебиеттер тізімі КЕАҚ СТ 56023-1910-04-2014 стандартының Б қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

Библиографиялық сипаттаманың құрылымы:

- автордың тегі, аты мен әкесінің атының бас әріптері. (Бірнеше автор болса, олардың аты-жөні үтір арқылы беріледі);
- еңбектің атауы (Тырнақша қойылмайды);
- басылым саны;
- қаланың атауы;
- баспаның атауы;

- бет саны кітап және жинақ түріндегі еңбекке/ мақала жарияланған журналдың немесе жинақтың беттері.

Библиографиялық сипаттамада біріншіден басқа, сипаттаудың әр саласының алдына нүкте мен сызықша (. –) қойылады. Әр саланы және элементтерді бөлу үшін және белгіленген грамматикалық тыныс белгілерін айырып отыру мақсатында, шартты белгінің алдынан не соңынан бір баспа белгілік бос орын қалдырып отыру қажет. Нүкте мен үтірден кейін ғана – бос орын қалдырылады.

Библиографиялық сипаттамада тыныстық белгілерді қоюдың да қатаң тәртібі бар. Мысалы:

а) кітаптық басылымның библиографиялық сипаттамасы: *Төлеуп М.М., Ахметова Э. Т. Кәсіби қазақ тілі. Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері мамандығы студенттеріне арналған: Оқу құралы (жоғары оқу орындарының «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы студенттеріне арналған)/М.М.Төлеуп., Э.Т. Ахметова – Алматы: АЭЖБУ, 2019. – 86 б..*

б) журналдағы мақаланың библиографиялық сипаттамасы: *Әжиев Қ.Ө. Инженерлік мамандықтарға қазақ тілін оқытуда «шағын топ» жұмысын ұйымдастыру// Алматы энергетика және байланыс университетінің Хабаршысы. № 1.- 2017. – Б. 75-80.*

в) электрондық басылымның библиографиялық сипаттамасы: *Күзекова З.С. Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы: оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2015. – 180 б. – URL: <https://ru.b-ok.asia/book/3021807/1/baeda>*

г) интернет қорға сілтеме: *Терминдер сөздігі: Энергетика, электроника, радиотехника және байланыс, информатика және есептеуіш техника. – URL: <https://termincom.kz/>*

б) Сілтемелердің интернет қорлардан алынған мерзімі нақты көрсетіледі. www.yandex.ru или www.google.ru түріндегі сілтемелер дұрыс емес деп есептеледі.

7) Семестрлік жұмыстың құрылымы:

- *Кіріспе* (жұмыстың тақырыбы, мақсаты, міндеті, тапсырма нұсқасы).

- *Негізгі бөлім* (талапқа сай орындалған тапсырма мәтіні).

- *Қорытынды* («СӨЖ орындау арқылы мен ... қол жеткіздім» тақырыбында (50 сөзге дейін) қорытынды микромәтін жазу).

- *Қолданған әдебиеттер тізімі* (қағаз және электронды тасығыштардағы оқулық, оқу құралдары, әдістемелік нұсқау және сала бойынша ғылыми басылымдар мен тағы басқа дереккөздер).

8) Семестрлік жұмыстарды бағалау критерийлері Пән бағдарламасында (6.2 Білім алушылардың жұмыстарын бағалау критерийлері) көрсетілген.

9) Студенттің семестрлік жұмысының көшірме екендігі анықталған жағдайда оқытушы қайта тапсыруға рұқсат берместен, «қанағаттанғысыз» деп бағалауға дейінгі шара қолдануы мүмкін.

Студенттің № 1 өздік жұмысы

Тақырыбы: Ғылыми мәтіндегі терминдер жүйесі.

Мақсаты: қазақ тіліндегі оқулықтармен немесе арнайы әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; студенттердің сөздік қорын жаңа терминдермен және терминдік тіркестермен толықтыру; мамандығы бойынша құрастырылған терминологиялық сөздіктер жайлы түсініктерін кеңейту.

Тапсырма: білім беру бағдарламасы шеңберіне кіретін және жалпы ғылыми терминдер мен терминдік тіркестердің, 35 бірлік көлеміндегі, екітілді түсіндірме сөздігін құрастыру.

Әдістемелік ұсыныс:

- мамандыққа арналған оқу әдебиетінен немесе тиісті білім беру бағдарламасының ғылыми журналдарынан бірнеше мәтінді таңдау;

- осы мәтіндерден 35 мамандығына қатысты және жалпы ғылыми терминдерді/терминдік тіркестерді жазып алу;

- жазылған терминдер / терминдік тіркестердің орысша баламасын табу және екі тілде анықтама беру (сөздік кесте түрінде үлгі бойынша құрастырылады);

- терминдер және ұғымдардың анықтамасын алдымен таңдап алған мәтіннен табу керек, содан кейін оларды терминологиялық сөздіктердегі анықтамалармен салыстыру керек;

- іріктеп алынған терминдердің қандай көздерден алынғаны көрсетіліп, компьютерде теріліп, нөмірленуі тиіс;

- мәтіндегі жалпы ғылыми ұғымдар курсивпен, тар шеңберде қолданылатын, мамандық терминдері мен терминдік тіркестер – қою әріппен жазылуы керек.

Жалпы ғылыми ұғымдар – ғылымның барлық салаларында қолданылатын ұғымдар жиынтығы.

Мамандық терминдері – ғылымның нақты бір саласында кездесетін ұғымдар.

Студенттің № 1 өздік жұмысын орындау үлгісі

№ 1 мәтін

Дербес қалта компьютері (ҚДК) (PC – Pocket) – үстел компьютері тұратын *бөліктерден* тұрады: жадыны арттыруға немесе басқа *құрылғыларды* қосуға болатын **процессор**, жады, дыбыстық және видеожүйелер, экран, **кеңейту слоттары**. Батареялық қорек екі ай аралығында жұмысты қамтамасыз етеді. Барлық осы *құрауыштар* тығыз біріктірілген, соның арқасында аппарат 100...200 г тартады және алақанға, жейденің кеудедегі қалтасына немесе әйел сөмкесіне сыяды. Бұл құрылғыларды бостан бос «алақандық» (Palmtop) деп атамайды.

Алайда ҚДК *функционалдық мүмкіндіктері* үстел компьютер немесе ноутбуктан қатты ерекшеленеді. Ең алдымен, оның салыстырмалы шағын экраны бар, *қағида* бойынша, **пернетақтасы** мен **тінтуірі** жоқ, сондықтан пайдаланушымен өзара әрекеттесу басқаша ұйымдастырылған: ол үшін ҚДК экраны пайдаланылады – ол басуға сезімтал, сол үшін «стилус» деп аталатын арнайы таяқшаны пайдаланады. ҚДК мәтінді теру үшін тік деп аталатын пернетақта қолданылады – оның пернелері дәл сол экранда бейнеленеді, ал мәтін стилуспен теріледі. Басқа маңызды ерекшелігі – **винчестердің** жоқтығы, сондықтан сақталатын *ақпараттың* көлемі салыстырмалы үлкен емес. Бағдарламалар мен *деректердің* негізгі қоймасы көлемі 64 **Мбайтқа** дейін жететін кіріктірілген жады болып табылады, ал **дискілердің** рөлін **флэш-картаның** карточкалары орындайды. Бұл карточкаларда жедел қолжетімділік жадында орналастыру міндетті емес *бағдарламалар* мен деректер сақталады (фото-альбомдар, МР3 форматындағы әуен, электрондық кітаптар және басқалар).

С. В.Киселев ЭВМ операторы: орташа кәсіби білім мекемесінің студенттеріне арналған оқу құралы / С.В.Киселев. – 7-басылым, түзетілген. – М.: «Академия» баспасөз орталығы, 2014. – Б. 14.

№ 2 мәтін

Linux операциялық жүйесі

Linux-POSIX *стандарттарына* сәйкес келетін **операциялық жүйенің** ядросы. ОЖ-ні әзірлеуді 1991 жылы финдік студент Линус Торвальдспен бастады. POSIX (Portable Operating System Interface for Unix-Unix операциялық жүйелердің тасымалданатын **интерфейсі**) – операциялық жүйе мен қолданбалы бағдарлама арасындағы интерфейстерді сипаттайтын стандарттар *жиынтығы*. Стандартты түрлі UNIX-ұқсас операциялық жүйелердің үйлесімділігін және бастапқы *код* деңгейінде қолданбалы бағдарламалардың төзімділігін қамтамасыз ету үшін жасалған, бірақ Unix емес *жүйелер* үшін де қолданылуы мүмкін. POSIX стандарттарының сериясы 1003 IEEE комитетімен әзірленген. Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) Халықаралық электротехникалық комиссиямен (IEC) бірлесіп ISO/IEC 9945 атты осы стандартты (POSIX) қабылдады. Негізгі код gcc кейбір кеңейтімдері бар C (Си) және **ассемблерде** жазылған. GNU General Public License негізінде еркін таратылады. **Linux ядросы** көп міндетті атқарушыны, **виртуалды жадыны**, динамикалық кітапханаларды, кейінге қалдырылған жүктеуді, жадыны басқарудың өндірістік жүйесін және көптеген желілік хаттамаларды қолдайды. Бүгінгі күні Linux - жүктелетін модульдерді қолдайтын монолитті ядро. Құрылғылар **драйверлері** және **ядроның кеңейтулері** әдетте «0 кольцода» іске қосылады. Қарапайым монолитті ядроларға қарағанда, құрылғылардың драйверлері *модульдер түрінде* оңай жиналады және жүйе жұмысы кезінде жүктеледі немесе түсіріледі. Linux-та C, D

дискілеріне бөлу жоқ және құрылғылармен қарымқатынас жасау процесі өте ыңғайлы. Барлық құрылғылар жеке жүйелік файлға ие, барлық дискілер бір файлдық жүйеге және жалғыз қосылады. *Каталогтың* нақты *құрылымы* кез келген ақпаратты бірден табуға мүмкіндік береді. Ядроның модульділігі компьютерді қайта жүктеусіз кез келген ОЖ сервистерін қосуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ОЖ ядросының өзін өзгертуге болады, ядроның бастапқы мәтіндері де кез келген **дистрибутивте** бар. Linuxті өзіңізге ыңғайлап жасауға болады. Көптеген *параметрлер* ОЖ сыртқы түрін (және ішкі) өзгертуге мүмкіндік береді. Linuxте графикалық қабықты қолданудағы таңдау, бірнеше **офистік пакеттері**, бағдарлама **серверлер**, **файерволдар** бар.

«Компьютердің бағдарламалық-аппараттық қамтамасыз етілуін баптау және қызмет көрсету»: Оқу құралы / К.Т. Асильбеков, А.Ю. Белимов, Г.С. Токенова, Д.Е. Тулеубаев. – Астана: «Кәсіпқор» холдингі» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018. – Б. 18.

Екітілді түсіндірме сөздік

№	Жалпы ғылыми түсінік	Мамандық термині	Орыс тіліндегі баламасы
1		Қалта дербес компьютер (ҚДК) – бұл қалтаға немесе сөмкеге сыйып кететін шағын тасымалы компьютер.	Карманный персональный компьютер (КПК, англ. Personal Digital Assistant, PDA – «личный цифровой секретарь») – это портативное вычислительное устройство, обладающее широкими функциональными возможностями.
2		Процессор – бұл бағдарламаға сәйкес операцияларды орындауға арналған компьютердің негізгі құрылғысы.	Процессор – это центральная часть компьютера, выполняющая заданные программой преобразования информации и осуществляющая управление всем вычислительным процессом.
3		Слот –	Слот расширения – это

		компьютердің аналық тақшасындағы кеңейтудің алып-қосу ойығы.	щелевой (англ. slot означает «щель») разъём, обычно в компьютере, соединённый с системной шиной и предназначенный для установки дополнительных модулей (карт расширения), расширяющих конфигурацию устройства.
4	<i>Құрауыш</i> – бұл бір нәрсенің ажырамас бөлігі.		<i>Компонент</i> (от лат. componens, род.п. componentis «составляющий») – это составная часть, элемент чего-либо.
5		Пернетақта – компьютерге мәліметтер мен командаларды енгізуге арналған құрылғы.	Клавиатура – устройство, позволяющее пользователю вводить информацию в компьютер (устройство ввода). Представляет собой набор клавиш (кнопок), расположенных в определённом порядке.
6		Тінтуір (тышқан) – өзін тегіс бетке қозғалтқанда бейне беттегі жүгіргіні (курсорды) жылжытатын шағын манипулятор.	Компьютерная мышь – это координатное устройство для управления курсором и отдачи различных команд компьютеру.
7	<i>Функционалдық мүмкіндік</i> – бұл құрылғының		Функциональная возможность – функциональное

	функционалдык максаты, орындайтын функциялары, функционалдык сипаттамалары.		назначение, выполняемые функции, функциональные характеристики устройства.
8	<i>Қағида</i> немесе <i>принцип</i> (лат. <i>prīncipiūm</i> – принцип; негіз, алғы бастама) – белгілі білім жүйесінің түп-негізі, алғы бастамасы, абстрактылы түрдегі ең қысқа жалпылама мазмұны.		<i>Принцип</i> (основа, начало, первоначало) (от лат. <i>prīncipiūm</i> ; «первейшее») – это постулат, утверждение, на основе которого создают научные теории и законы, юридические документы, выбирают нормы поведения в обществе.
9		Мбайт – дерек көлемін өлшеу бірлігі.	Мбайт – единица измерения количества информации.
10	<i>Ақпарат</i> (лат. <i>informatio</i> – түсіндіру, мазмұндау) ұғымы күнделікті өмірден бастап техникалық салада пайдаланылатын көп мағыналы ұғым.		<i>Информация</i> (от лат. <i>informatiō</i> «разъяснение, представление, понятие о чём-либо») – это сведения независимо от формы их представления.
11	<i>Дерек</i> – бұл шындықты бейнелейтін мәлімдеме, ақпараттық хабарлама және т.б.		<i>Факт</i> – это утверждение, информационное сообщение и т. д., которое отражает действительность, является реальным.
12		Винчестер – қатты магниттік дискідегі десте.	Винчестер (разг.), жёсткий диск – это запоминающее устройство (устройство хранения информации, накопитель) произвольного доступа, основанное на принципе

			магнитной записи.
13		Диск – есептеуіш техникада, жазылған ақпаратты ұзақ уақыт есте сақтай алатын магниттік қабыршақпен қапталған дөңгелек пластина түріндегі дерек жинақтауыш құрылғы.	Диск – оптический носитель информации в виде пластикового диска с отверстием в центре.
14		Флэш-карта (флеш жады) – қатты денелі жартылай өткізгіштің энергобайланысты қайта жазылушы жады түрі.	Флэш-карта (флеш-память) – разновидность твердотельной полупроводниковой энергонезависимой перезаписываемой памяти.
15	<i>Бағдарлама</i> – жоспарланған әрекеттер тізбегі.		<i>Программа</i> (от греч. «запись») – это «предписание», то есть заданная последовательность действий.
16	<i>Формат</i> – ақпараттық объектінің белгілі бір құрылымы.		<i>Формат</i> – определённая структура информационного объекта.
17	<i>Стандарт</i> (ағылш. standard - норма, үлгі) – бұл басқа ұқсас объектілермен салыстыру үшін негіз ретінде алынған үлгі.		<i>Стандарт</i> (от англ. standard – норма, образец) в широком смысле слова – образец, эталон, модель, принимаемые за исходные для сопоставления с ними других подобных объектов.
18		Операциялық жүйе – компьютердің барлық басты	Операционная система – это комплекс

		<p>әрекеттерін, сондай-ақ қатар операциялық жүйенің басқаруымен іске қосылатын басқа программалардың жұмысын басқаратын, көбінесе тұрақты сақтауыш құрылғыда тұратын, машиналық кодта жазылған бағдарлама.</p>	<p>взаимосвязанных программ, предназначенных для управления ресурсами компьютера и организации взаимодействия с пользователем.</p>
19		<p>Интерфейс – бұл өзара әрекеттесетін жеке жүйелер арасындағы «жалпы шекара»; жеке жүйелердің өзара әрекеттесуін қамтамасыз ететін құралдар мен ережелер жиынтығы.</p>	<p>Интерфейс – это граница между двумя функциональными объектами, требования к которой определяются стандартом; совокупность средств, методов и правил взаимодействия (управления, контроля и т. д.) между элементами системы.</p>
20	<p><i>Жиынтық</i> (лат. complex – байланыс) – бұл белгілі бір ортақ мақсатқа жетуді көздеген Бөлшектердің біртұтас жүйесі.</p>		<p><i>Комплекс</i> (лат. complex – связь, сочетание; лат. complexus – соединение) – это система, совокупность чего-либо, объединённого вместе, имеющего общее предназначение, и отвечающего какой-либо определённой общей цели.</p>
21	<p><i>Код</i> – бұл шартты белгілердің жүйелі</p>		<p><i>Код</i> – это система, список условных</p>

	тізімі.		обозначений.
22		Ассемблер – бұл ассемблер тіліндегі мәтіннен машиналық тілге арналған бағдарламаның аудармашысы.	Ассемблер (от англ. assembler – сборщик) – транслятор программы из текста на языке ассемблера, в программу на машинном языке.
23		Linux ядросы – Linux жүйелерінің негізін құрайтын POSIX үлгілеріне сәйкес операциялық жүйенің ядросы.	Ядро Linux – ядро операционной системы, соответствующее стандартам POSIX, составляющее основу операционных систем семейства Linux.
24		Виртуалды жад – бұл компьютердің жедел жадын көбірек қажет ететін бағдарламаларды, негізгі жад пен қосымша жад арасында (мысалы, қатты диск) бағдарламаның бөліктерін автоматты түрде жылжыту арқылы орындауға мүмкіндік беретін компьютерлік жадыны басқару әдісі.	Виртуальная память (англ. virtual memory) – это метод управления памятью компьютера, позволяющий выполнять программы, требующие больше оперативной памяти, чем имеется в компьютере, путём автоматического перемещения частей программы между основной памятью и вторичным хранилищем (например, жёстким диском).
25		Желілік хаттама/ интернет желісінің хаттамасы, Internet Protocol (IP) – желінің бір жұмыс станциясынан келесісіне хабарлар	Сетевой протокол/ Протокол интернеті – набор правил и действий (очередности действий), позволяющий осуществлять

		<p>дестесін жеткізуді қамтамасыз ететін негізгі хаттама. Желідегі мәліметгерді дер кезінде тиімді маршрут таңдап, дұрыс жеткізу мақсатында АҚШ Қорғаныс министрлігі жасап шығарған. Ол жергілікті желілер мен хосткомпьютерлерді жалғастырып, Internet желісінде, UNIX ортасында кең қолданылатын TCP/IP хаттамалары тобына кіреді.</p>	<p>соединение и обмен данными между двумя и более включёнными в сеть устройствами.</p>
26		<p>Драйвер (ағылш. Driver – жүргізуші) – компьютердің сыртқы құрылғылармен өзара әрекеттесуін басқаратын бағдарлама.</p>	<p>Драйвер – компьютерное программное обеспечение, с помощью которого другое программное обеспечение (операционная система) получает доступ к аппаратному обеспечению некоторого устройства.</p>
27		<p>Ядроның кеңейтулері – бұл операциялық жүйенің орталық құрауышына жүктелген компьютерлік бағдарламалық</p>	<p>Расширение ядра – это часть компьютерного программного обеспечения, которая загружается в центральный компонент операционной системы.</p>

		жасақтаманың бөлігі.	
28	<i>Модуль</i> – бұл белгілі бір функцияларды орындайтын компьютер сияқты құрылғының бөлігі.		<i>Модуль</i> – это часть какого-либо устройства, например компьютера, которая выполняет определённые функции.
29	<i>Каталог</i> (грекше «тізім») – бұл қандай да бір белгілері бойынша қажетті нысандарды іздеуді жеңілдету мақсатында құрастырылған сол нысандар туралы ақпараттың белгілі бір тізімі.		<i>Каталог</i> (от греч. «список») – это в общем случае некий список информации об объектах, составленный с целью облегчения поиска этих объектов по какому-то признаку.
30	<i>Құрылым</i> – бұл белгілі бір нысанның құрылымдық бөлшектерінің, өзара орналасуы.		<i>Структура</i> – это определённая взаимосвязь, взаиморасположение составных частей, строение, устройство чего-либо.
31		Дистрибутив – бұл бағдарламалық қамтаманың (операциялық жүйелер де) таратылу түрі, құрамында осы операциялық жүйенің орнатқышы мен минималды бағдарламалар жинағы болады.	Дистрибутив (англ. distribution, от англ. distribute – распространять) – это форма распространения программного обеспечения.
32	<i>Параметр</i> – бұл белгілі бір жүйенің элементтерін бір-бірінен ажырату үшін		<i>Параметр</i> – это величина, значения которой служат для различения элементов

	қолданылатын өлшем; берілген құбылыс немесе тапсырма шеңберінде тұрақты болатын өлшем, бірақ басқа құбылысқа ауысқанда немесе басқа мақсатты көздегенде ол өзгеруі мүмкін.		некоторого множества между собой; величина, постоянная в пределах данного явления или задачи, но при переходе к другому явлению или задаче имеющая свойство изменить своё значение.
33		Офистік пакет – бұл дербес компьютерде электрондық құжаттаманы өңдеуге арналған қосымшалар жиынтығы	Офисный пакет – набор приложений, предназначенных для обработки электронной документации на персональном компьютере.
34		Сервер (ағылш. server) – файлдар, қалталар және компьютерлердің деректері сияқты деректерге ортақ қатынасуды, сондай-ақ желі пайдаланушыларына электрондық пошта қызметтерін қамтамасыз ететін компьютер; есептеу желілері құрамындағы бірнеше компьютерлерге ортақ шалғай құрылғыларды: лазерлік принтерді, дискілерді, модемді пайдалану кезегін тағайындап отыратын негізгі	Сервер (англ. server от англ. to serve – служить) – выделенный или специализированный компьютер для выполнения сервисного программного обеспечения (в том числе серверов тех или иных задач); компьютер, выделенный из группы персональных компьютеров (или рабочих станций) для выполнения какой-либо сервисной задачи без непосредственного участия человека.

		түйінді компьютер.	
35		Файервол/ Желіаралық қалқан (ағылш. Firewall - отжар, өртдуал) - әдетте ішкі желіге немесе Интранетке сырттан рұқсатсыз қатынауға кедергі жасау үшін қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ететін, аппараттық жабдық пен бағдарламалық жасақтаманың қосындысы.	Файервол (англ. Firewall «брандмауэр», от fire «огонь» + wall «стена») – это межсетевой экран (брандмауэр), то есть технологический барьер, предназначенный для предотвращения несанкционированного или нежелательного сообщения между компьютерными сетями или хостами. Персональный файрвол – популярная форма файрвола, предназначенная для защиты персональных компьютеров.

Студенттің № 2 өздік жұмысы

Тақырыбы: Білім бағдарламасы тақырыбы бойынша реферат-шолу.

Мақсаты: реферат-шолу жазу машықтарын дамыту, академиялық хат негіздерін игеру, сондай-ақ жазбаша ғылыми қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру.

Тапсырма: берілген тақырып бойынша реферат-шолу жазу.

Әдістемелік ұсыныс:

- берілген тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектермен (оқулықтар мен оқу құралдарындағы, салалық ғылыми журналдағы деректер т.б.) танысу қажет;
- қарастырылған еңбектерден тақырыпты тереңірек ашатынын іріктеп алу қажет (екі мәтіннен кем болмауы тиіс);
- іріктелген мәтіндерді талдап, бір-бірімен салыстыра отырып, ой қорыту қажет;
- реферат-шолуды талапқа сай рәсімдеу қажет.

Реферат-шолу – баяндалатын бірнеше дереккөзді сыни және шығармашылық тұрғыдан мазмұндайтын продуктивті рефераттың түрі.

Реферат-шолуда бірнеше дереккөздерді пайдаланасыз. Сондай-ақ аталған мәселеге қатысты әр дереккөздегі түрлі пікірлерге шолу жасайсыз. Реферат-шолу белгілі бір тақырыптағы жұмыстардың мазмұнын ретімен баяндап беру емес. Реферат-шолу өзің таңдап алған жұмысты талдау мен сипаттауды, бір дерек көзінің басқалармен ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауды, жарияланымдардың авторлары қолданатын құралдар мен әдістердің ерекшеліктерін анықтауды қамтиды. Әр мақала жеке шағын тақырып.

Реферат-шолу авторының негізгі міндеті – бірнеше дереккөздерде қарастырылған мәселені шағын тақырыптардың бірін бірі толықтыруы тұрғысынан немесе осы мәселе бойынша әртүрлі ғалымдардың көзқарастарының қарама-қайшылығы тұрғысынан қарастыру.

Реферат-шолуды жазу барысында сақталатын ережелер

1. Реферат-шолу жазу үшін таңдап алынған немесе ұсынылған мәтіндерді мұқият оқып шығыңыз.

2. Рефераттың жоспарын жазыңыз.

3. Мәтіндердің әрқайсысындағы өзіңізге қажет бөліктерді таңдаңыз. Олардың қайсысы сіздің рефератыңызға кіретінін анықтаңыз.

4. Мыналарды көрсетіңіз: а) мәтіндердің қайсысы негізгі болады, сіздің рефератыңызға арналған негізгі ақпаратты береді; ә) екінші мәтін оны қандай ақпаратпен толықтыра алады; б) рефератқа қажетті қандай маңызды және керек ақпарат барлық мәтіндерде қайталанатын.

5. Әрбір жұмысқа қажет деп таңдалған бөліктерден:

а) негізгі ақпаратты қамтитын мәліметтерді белгілеңіз және жазып алыңыз, қажет болған жағдайда оларда мүмкіндігінше қысқартыңыз немесе түрлендіріңіз;

б) Жұмысқа қажетті бөліктің негізгі мазмұнын өз бетіңізше құрастырыңыз;

в) негізгі ақпарат толық және нақтырақ жеткізілетіндей тілдік құралдарды таңдап алыңыз.

6. Реферат бөліктерін жоспарға сәйкес біріктіріңіз.

Реферат-шолудағы тілдік оралымдар

№	Құрылымдық бөліктер	Тілдік оралымдар
1	Қарастырылып отырған мәселеге қатысты ғылыми еңбектердің атауы.	... мәселесі/ тақырыбы келесідей еңбектерде (мақалаларда) қарастырылған: ... Аталған еңбектерде ... деген мәселе қойылған. Сөз болып отырған мәселе төменде

		көрсетілген ғылыми еңбектерде көрініс тапқан. Біз аталған зерттеулердің бірнешеуіне тоқтауды жөн көрдік. Атап айтқанда, ...
2	Мәселеге тоқталу	«...» атты еңбектің/ мақаланың авторы (А-тегі) ... деген пікірін білдірген. Ал «...» атты еңбектің/ мақаланың авторы (В-тегі) ... деген тұжырым жасаған. Сондай-ақ, «...» атты еңбектің/ мақаланың авторы (С-тегі) ... деп топшылаған.
3	Әртүрлі көзқарастарды баяндау	Автордың (А-тегі) айтуынша, ...; ... деген автордың (В-тегі) ойынша...; автордың (С-тегі) ... пайымдауынша...
4	Нысанның/ құбылыстың/ үдерістің терминдік анықтамасы	Автор (А-тегі) сөз болып отырған нысанға/ құбылысқа/ үдеріске ... деген анықтама берген. Сондай-ақ, автор (В-тегі) ... десе, ал автор (С-тегі) ... деген терминді қолданған.
5	Әртүрлі пікірлерлерді салыстыру: ұқсастықпен айырмашылықты табу	Автордың (А-тегі) ... деген пікірі ... деп санайтын автордың (В-тегі) және ... деген автордың (С-тегі) көзқарастарына <i>ұқсас</i> мәселесіне қатысты зерттеушілердің (А, В, С-тектері) ұстанымдары <i>бірдей</i> . Автор (А-тегі) ... мәселеге қатысты авторлардың (В, С-тектері) көзқарастарына <i>сүйенген</i> . Автордың (А-тегі) ... деген сөзі ... деп санайтын автордың (В-тегі) ойына <i>қарама-қарсы</i> . Автор (А-тегі) ... деп есептеген, алайда авторлар (В, С-тектері) көзқарастары <i>мүлдем басқа</i> .
6	Әртүрлі пікірлерлерді сараптау: а) келісу/ келіспеу; б) бағалау	а) ... деген авторлардың пікірімен келісуге болады. ... деген пікірді қабылдаған дұрыс. ... деген көзқарасты қолдау қиын. ... деген тұжырыммен келісуге болмайды. б) ... деген көзқарас өте дұрыс, себебі деген пікірдің объективтілігі даусыз, себебі ...
7	Қорытынды ойды дәйектеу	Сонымен, ... байланысты ... пікірін дұрыс деп санап, ... деген қорытынды ойға келдік.

	Қорытындылай келе, ... себепке байланысты ... көзқарасына қосылып, ... деген ойға келдік.
--	---

Реферат-шолудың тақырыптары

1. Java бағдарлама жазу тілінің артықшылықтары мен кемшіліктері.
2. Python бағдарлама жазу тілінің артықшылықтары мен кемшіліктері.
3. Java Script тілінің жақсы және жаман жақтары.
4. Хакинг этикалық нормалар шеңберінде әрекет ете ала ма?
5. C++ бағдарламалау тілінің жақсы және жаман жақтары.
6. Жүйелік әкімші: мамандықтың бүгінгі мен болашағы.
7. Веб-әзірлеуші: мамандықтың бүгінгі мен болашағы.
8. Графикалық дизайнер: мамандықтың бүгінгі мен болашағы.
9. PHP скрипті бағдарламалау тілінің артықшылықтары мен кемшіліктері.
10. Анимацияны құруға арналған ең жақсы құралдар. Шолу.
11. Бейнемен жұмыс істеуге арналған ең жақсы құралдар. Шолу.
12. MS Power Point қолданбалы бағдарламасының баламасы бар ма? Презентацияларды құрудың ең жақсы құралдары. Шолу.
13. C#: бағдарламалау тілін үйренудің қажеті бар ма? Менің ұсыныстарым.
14. Бағдарламалау және объектіге бағытталған бағдарламалау: олардың арасындағы айырмашылық неде?
15. Objective-C нысанға бағытталған бағдарламалау тілін зерттеудің қажеті бар ма? Менің ұсыныстарым.
16. Ruby - бұл керемет таңдау ма?
17. Сынақшы: мамандықтың бүгінгі мен болашағы.
18. Perl бағдарламалау тілінің күшті және әлсіз жақтары.
19. MySQL, PostgreSQL, Microsoft SQL Server, Oracle. Менің шолуым.
20. Swift бағдарламалау тілінің күшті және әлсіз жақтары.
21. Блокчейн, биткойн, криптовалюта. Блокчейнді өзіңіз жасай аласыз ба?
22. Егде жастағы адамдарға арналған IT. Менің шолуым.
23. Smart TV-дің үздік нұсқасы. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
24. Хакинг әдістері және олармен қалай күресуге болады.
25. Сандық әлемдегі киберқауіпсіздік.
26. XXI ғасырдың ақпараттануы: ғажайыптар, үміт және қорқыныш
27. Адамзат үшін ақпараттық технологиялардың болашағы.
28. Зияткерлік Ақпараттық жүйелер
29. Жаһандық желінің «зияны» туралы
30. Ақпараттық жүйенің даму тенденциялары мен перспективалары
31. Есептеу техникасындағы лазерлік технологиялар.
32. Ғылым және техника, олардың өзара байланысы.

33. Инженер мамандығы кеше, бүгін, ертең.
34. Адам мен машина қарым-қатынасының тарихы.
35. Есептеу техникасындағы алдыңғы қатарлы технологиялар.
36. Қазіргі заманғы есептеу машиналарын қолдану мәдениеті.
37. Медицинадағы лазер - артықшылықтары мен кемшіліктері.
38. Компьютерді жетілдіру мүмкіндіктері.
39. IBM-есептеу техникасы саласындағы әлемдік көшбасшы.
40. Жасанды интеллект және адам ақыл-ойы.
41. Менің компьютерім-менің досым немес жауым.
42. Компьютерлік ойындар. Виртуалды және нақты өмір.
43. Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдары пайдаланатын жергілікті есептеу желілерін жетілдіру жолдары.
44. Алматы қаласында «Оңай» жүйесі арқылы қоғамдық көліктерде жол жүруді есепке алу және төлеу жүйесін жетілдіру жолдары.
45. Алматы қаласындағы электрондық құжат айналымы жүйесі: қолжетімділік және сапа деңгейі.
46. Күрделі техникалық жүйелерді әзірлеу кезінде объектілі-бағытталған талдауды қолдану.
47. Модельдеудің Объектілік-бағдарлау тілдері туралы (SIMULA-67, Objectmath, Omola, Modelica).
48. Ақпарат жинағыштар мен тасығыштар, қатты дискілерді жетілдіру жолдары.
49. Интернетке балама бар ма?
50. Пакеттік радиомодемдер және олардың қарапайым модемдерден айырмашылығы.
51. Ақпараттық қоғамға көшу: болашаққа жол
52. Өркениеттің дамуына әсер еткен инженерлік ойдың ең ірі өнертабысы – бұл.
53. Алдағы мыңжылдықтың мәдениеті: жаппай ақпараттандыру немесе...
54. Электрондық ми мүмкіндіктері (жасанды интеллект)
55. Қалта компьютерлерінің болашағы.
56. Электронды кітаптар мен оқулықтардың жаңа форматын қалай жасауға болады.
57. Білім саласындағы электрондық құжат айналымы. Бұл не және қалай жұмыс істейді?
58. Қазақстанда микропроцессорлар өндірісін қалай жолға қою керек
59. Ақпарат және ақпараттық жүйелер: негізгі ұғымдар мен өзара байланыс
60. Wi-Fi технологиясының зиянын қалай азайтуға болады?
61. Үздік смартфондар. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
62. Ақылды сағат. Менің ең жақсы жаңалықтарға шолуым.

63. Фитнес - білезіктер. Менің ең жақсы жаңалықтарға шолуым.
64. Үздік моноблоктар. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
65. Үздік ойын компьютерлері. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
66. Үздік ультрабуктар. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
67. Үздік трансформерлар. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
68. Кеңсе жұмысына арналған үздік ноутбуктер. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
69. Үздік планшеттер. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
70. Үздік графикалық планшеттер. Менің жаңа өнімдерге шолуым.
71. Стартаптың өрлеуі мен құлдырауы: Сергей Брин және Google.
72. Андрей Дороничев және мобильді YouTube.
73. Николай Сторонский және Revolut.
74. Илья Широков және Joom.
75. Дэвид Ян және АBBYҮ.
76. Алекс Фурман және INVITAE.
77. Дарья Ребенок және CEO Grabr.
78. Никита Шамгунов және MemSQL.
79. Борис Ким және QIWI.
80. Алекс Дебелов және Viroot.
81. Павел Дуров және Telegram.
82. Евгений Касперский және Kaspersky Anti-Virus.
83. Макс Левчин және PayPal.
84. Вадим Асадов және NeurOK.
85. Виталий Гончарук және Augmented Pixels.
86. Әлемдік экономикадағы компьютерлік ақпараттық жүйенің орны
87. Қазіргі кестелік процессорлар, оларды жетілдіру жолдары.
88. Үлкен корпорацияларда компьютерлік ақпарат қалай реттеледі?
89. Болашақтың негізгі технологиялары: Биотехнология, жаңа медицина, нанотехнологиялар, робот жасау.
90. Қазақстан аймақтарындағы бағалау қызметіндегі электрондық құжат айналымы, олардың пайдасы

Әдебиеттер тізімі

1 Ажиев Қ.Ө. Кәсіби қазақ тілі. Есептеу техникасы және бағдарламалық қамту мамандығына арналған СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар. – Алматы: АЭЖБУ, 2018. – 36 б.

2 Ажиев Қ.Ө. Кәсіби қазақ тілі. Ақпараттық технологиялар білім беру бағдарламалары тобының студенттеріне арналған: Оқу құралы (жоғары оқу орындарының «Ақпараттық технологиялар» білім беру бағдарламалары тобының студенттеріне арналған)/. – Алматы: АЭЖБУ, 2020. – 107 б.

2 Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 400 б.

3 Алгоритмдеу және программалау тілдері: оқу-әдістемелік құралы/ Құраст.: Г. А. Тюлепбердинова, Р. К. Унайбаева, Ш. Т. Қасымбаева. – Алматы : Нур-Принт, 2013. – 93 б.

4 Динаева Б.Б., Сапина С.М. Академиялық сауаттылықтың теориялық және практикалық негіздері: оқу құралы. Толықтырылған 2-басылым. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 200 б.

5 Ермеков Н. Ақпараттық технологиялар: оқулық. – 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2011. – 208 б.

6 Жақсылықова Қ.Б. Кәсіби қазақ тілі: (ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар саласы мамандықтары бойынша оқитын студенттер үшін) Жоғары техникалық оқу орындарына арналған оқулық. – Алматы, 2013. – 215 б.

7 Жұмабекова А. Қ. Аударматанудың негіздері. – Алматы: ҚазҰПУ, 2015. – 263 б.

8 Иманқұлова С.М. Кәсіби бағдарлы қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 218 б.

9 Киселев С.В. ЭВМ операторы: орташа кәсіби білім мекемесінің студенттеріне арналған оқу құралы/ С.В.Киселев. – 7-басылым, түзетілген. – М.: «Академия» баспасөз орталығы, 2014. – 352 б.

10 Колесникова Н.И. От конспекта к диссертации: учебное пособие по развитию навыков письменной речи. – 10-е изд. – М.: ФЛИНТА. – 288 с. – URL: <https://yadi.sk/i/39wg6bcQ--bFdw>

11 Компьютердің бағдарламалық-аппараттық қамтамасыз етілуін баптау және қызмет көрсету»: Оқу құралы/ К.Т. Асылбеков, А.Ю. Белимов, Г.С. Токенова, Д.Е. Тулеубаев. – Астана: «Кәсіпқор» холдингі» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018. – 142 б.

12 Компьютерлік терминдердің түсіндірме сөздігі. Компьютерлік терминдер, қысқартылған сөздер мен жаргондар сөздігі. – URL: <https://leally.ru/kk/internet/tolkovyi-slovar-kompyuternyh-terminov-slovar-kompyuternyh/>

13 Космин В. В. Основы научных исследований (Общий курс): учебное пособие. - 2-е изд. - М.: Риор, 2014. – 214 с.

14 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі. Информатика және компьютерлік техника / Жалпы ред. басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 456 б.

15 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 237 б.

16 Панина Г. В. Инженерная этика: воспитание моральных компетенций. [Электронный ресурс] – URL: <https://gigabaza.ru/doc/318.html>

17. Рецкер Я.И. Методика технического перевода. – 2-е изд. испр. и доп. – М.: Аудитория, 2019. – 128 с.

18 Терминдер сөздігі: Энергетика, электроника, радиотехника және байланыс, информатика және есептеуіш техника. – URL: <https://termincom.kz/>

19 Төлеуп М. Кәсіби бағытталған тілде сөйлеу біліктілігін дамыту: Оқу құралы. – Алматы: АЭЖБИ, 2005. – 77 б.

20 Төлеуп М.М., Ахметова Э. Т. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы (жоғары оқу орындарының «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері» мамандығы студенттеріне арналған). – Алматы: АЭЖБУ, 2019. – 86 б.

21 Шәрібжанова Ғ. Ғ. Кәсіби қазақ тілі. ЖОО-ға арналған оқу құралы. – Алматы: АЭЖБУ, 2016. – 100 б.

Қосымша

Өздік жұмыстың титул парағының үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Тіл білімдері кафедрасы

Студенттің № __ өздік жұмысы

Пән атауы: Кәсіби қазақ тілі

Тақырыбы: _____

Орындады: _____ тобының студенті

Студенттің тегі, аты

Қабылдады: _____
Оқытушының тегі, аты, ғыл.дәрежесі, қызметі

_____ « ____ » _____ 202_ г.
(баға) (қолы)

Алматы 2021

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Студенттің № 1 өздік жұмысы.....	5
Студенттің № 2 өздік жұмысы	16
Әдебиеттер тізімі.....	22
Қосымша. Өздік жұмыстың титул парағының үлгісі.....	24

Ажиев Қанат Өмірзақұлы

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ

В057 – Есептеу техникасы және бағдарламамен қамту білім беру бағдарламасы студенттеріне арналған СӨЖ тапсырмалары мен әдістемелік нұсқаулықтар

Редактор Изтелеуова Ж.Н.

Стандарттау бойынша маман: Ануарбек Ж.А.

Басуға қол қойылды. ____ 2021 ж.

Таралымы ____ дана

Көлемі 1,6 есептік-баспа табак

Пішімі 60x84 1/16

Баспаханалық қағаз №1

Тапсырыс __ Бағасы 815 теңге

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының көшірме-көбейту бюросы
50013, Алматы, Байтұрсынұлы көшесі, 126/1